

## Донорларға қосымша көтермелеу беру туралы

Ақмола облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 мамырдағы № 6С-43-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 мамырда № 7865 болып тіркелді.

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 12 бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облыстық мәслихатының 26.04.2021 № 7С-3-5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

1. Донорларға бір реттік қан донациясы үшін, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша көтермелеу берілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облыстық мәслихатының 29.04.2025 № 8С-19-8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессияның төрағасы,  
Ақмола облыстық мәслихаты  
хатшысының міндетін атқарушы

С.Аяганов

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Ақмола облысының  
денсаулық сақтау басқармасы"  
мемлекеттік мекемесі

"Ақмола облысының  
экономика және бюджеттік  
жоспарлау басқармасы"  
мемлекеттік мекемесі